

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Бухгалтерлік есептің 29 ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындарды есепке алу" ережесін (стандарттарын) бекіту туралы" N 824 тіркелген 1999 жылғы 19 мамырдағы N 210 және "Бухгалтерлік есептің 28 "Материалдық емес активтерді есепке алу" Ережесін (стандарттарын) бекіту туралы" N 935 тіркелген 1999 жылғы 10 қыркүйектегі N 490 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 558 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 28 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2059. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. N 217 бұйрығымен

*Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. N 217 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Бухгалтерлік есепке алудың нормативтік базасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бухгалтерлік есептің 29 "Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындарды есепке алу" ережесін (стандарттарын) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 19 мамырдағы N 210 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 маусымда N 824 тіркелген және 2000 жылғы N 2 Ақпараттық бюллетеньде ресми жарияланған) бұйрығына мынадай өзгерістер:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 29 "Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындар есебі" бухгалтерлік есебінің ережесіне (стандартына):

1-сілтеме алынып тасталсын;

стандарттың барлық мәтіні бойынша "субъектілер", "субъект", "субъектінің" деген сөздер "ұйымдар", "ұйым", "ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Бухгалтерлік есептің 28 "Материалдық емес активтерді есепке алу" Ережесін (стандарттарын) бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаментінің 1999 жылғы 10 қыркүйектегі N 490 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 18 қазанда N 935 тіркелген және 2000 жылғы N 2 Ақпараттық бюллетеньде ресми жарияланған) бұйрығына мынадай өзгерістер

мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген бухгалтерлік есептің 28 "Материалдық емес активтерді есепке алу" ережесі (стандартында):

1 сілтеме алынып тасталсын;

стандарттың бүкіл мәтіні бойынша "субъектілерге", "субъект", "субъектінің", "субъектілердің", "субъектідегі", "субъектінің өзі" деген сөздер "ұйымдарға", "ұйым", "ұйымның" "ұйымдардың", "ұйымдағы", "ұйымның өзі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "Табыс салығы бойынша есеп жүргізу" деген сөздер "Корпоративтік табыс салығы бойынша есеп жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді)" деген сөздер "дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта "жойылу құнының айырмасы" деген сөздер "жойылу құнын шегергенде" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақта "бірігуі" деген сөзден кейін "(қосылуы)" деген сөзбен толықтырылсын;

2 1 - т а р м а қ т а :

"бірігуі" деген сөзден кейін "(қосылуы)" деген сөзбен толықтырылсын; екінші абзацта "сатып алынатын субъектінің" деген сөздер "сатып алынатын ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

35-тармақта "қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептемеде" деген сөздер "кірістер мен шығыстар туралы есепте" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қаржы бірінші вице-министрі Б.Б.Жәмішевке жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*